


Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарының жүргізілуі жайында

Анықтама

2023-2024 оқу жылына арналған кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оқушыларға болашақ мамандықты таңдау барысында тәрбие жұмыстары жүргізілді.


2023 жылғы 16 қараша күні “Esil University” мекемесінің қызметкерлері гимназиямыздың оқушыларымен кәсіби бағдарлауға бағытталған еркін форматтағы кездесу өткізді. Кездесу барысында университет және онда оқытылатын мамандықтар, түсу шарттары жайында кеңінен ақпарат берілді, ақпараттық флаер-буклеттер таратылды. Болашақ мамандығын, оқу ордасын таңдағалы отырған жас түлектер үшін аталмыш бағыттағы іс-шаралардың маңызы жоғары және алдағы уақытта жалғасын табады. 12 қазан күні 9-сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында гимназияның 9-сыныптардың сынып жетекшілері ұйымдастырған Астана қаласының беделді колледждердің қатарына кіретін Кәсіптік-техникалық колледжінің және Қазақстан Халықаралық лингвистикалық колледжінің (Kazakhstan International Linguistic College) оқытушыларымен кездесу өткізді. Колледж мұғалімдері өз оқу орны туралы мол ақпарат беріп, 9-сынып оқушыларымен сұхбаттасты.

<https://www.facebook.com/100057340214063/posts/pfbid033PXhyYFeq4mdkqCBtAy9jTR4jzgxdytHXYqgvcrmDqW8ZyHqggEBLKSykMUaGdWel/?mibextid=cr9u03>



<https://www.facebook.com/100057340214063/posts/pfbid0pxXVbz2q18aLGCLP7cVuH4JSnacCVcTa2skyUkye67EC6RHJnwwd11z99GtYr3Nxl/?mibextid=cr9u03>

Халықаралық лингвистикалық колледжінің шетелдік оқытушылары қызықты бағдарламасымен келді: оқушылармен бірнеше (қазақ, ағылшын, француз, неміс, италиян және басқа) тілдерде сауалдар қойып, оқушылармен сұхбат құрды және қызықты танымдық ойындар ұйымдастырып, оқушыларды ойынға тартты, бағалы сыйлықтармен марапаттады. Оқушылар ойынға үлкен белсенділікпен қатысып, жақсы әсер әрі аталған колледжде және шет елдерде оқу туралы, қазіргі заманның ең қажетті мамандықтары туралы көп пайдалы ақпарат алды. Кездесу барысында оқушыларымыз ағылшын тілін еркін меңгергенін көрсеткен, шет елдердегі оқуға қызығушылығын білдірді, кездесу соңында колледж мұғалімдеріне көптеген сұрақтар қойды, ал қонақтар болашақ түлектерді колледжге саяхаттап келуге шақырды.



13.12. 2023 ж. күні Астана қаласы Полиция департаменті ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына мамандық таңдау бойынша онлайн форматында 9-11 сынып оқушыларына арналып кәсіби бағдар беру жұмысы өткізілді. «Жас заңгер мектебінің» негізгі мақсаты – 8-11-сынып оқушыларын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, заңтану және құқық саласына кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін туралы таныстырды.

Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

К. Сулекеев